



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУ

ЖН-02-23

ПРОФЕССОР ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ АШЫҚ САБАҚТАРЫ МЕН ӨЗАРА САБАҚҚА ҚАТЫСУЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор
Байнеева П.Т.
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және
сапаны басқару бөлімінің басшысы
Суттибаева А.А.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 29. 11. 2023 № 5
мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді - 2023
6. Тексерілу мерзімі - 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Профессор-оқытушылар құрамы (әрі қарай - ПОҚ) ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу жұмыс нұсқауы - негізгі міндеттерін, жауапкершілігін, орындалу уақытын, т.б. көрсетіп, қызмет түрін атқаруға қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.

1.2 «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң кафедра профессор-оқытушылары аталған құжатты дайындағанда ҚР оқу-әдістемелік нормативтік-құқық құжаттарын, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және осы жұмыс нұсқауын жетекшілікке алуға міндетті.

2 ҚЫЗМЕТ ТҮРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫНЫҢ БАРЫСЫ

2.1 ПОҚ ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысу жоспарын дайындау, келісілу және бекітілу тәртібі

2.1.1 Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу оқу жылы көлемінде оқытудың барлық түрі бойынша жүргізілуі мүмкін. Оқытушының қалауы бойынша сабақтың кез-келген түрінен беруі мүмкін, соның ішінде: дәріс, семинар және практикалық, іскерлік ойын, жекелей немесе топтық кеңес беру, сынақ немесе емтихан және сабақтың т.б. түрлері. Ашық сабақты оқу тәрбие жұмысының неғұрлым тиімді амалдарын көрсету және тарату мақсатымен оқу жұмыс бағдарламасының тақырыбы бойынша білікті ОПҚ өткізеді.

2.1.2 ОПҚ ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысу кафедрада жоспарланады, факультет деканымен бекітіліп, жоспары ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөліміне өткізіледі. ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі университет бойынша ашық сабақ жоспарын әзірлейді, университеттің Оқу-әдістемелік кеңесіне бекітуге ұсынады (қосымша 1,2).

2.1.3 Ашық сабақ өткізген ОПҚ ашық сабақты өткізу жоспарын дайындайды және кафедра мәжілісіне талқылауға ұсынады (қосымша 3). Ашық сабаққа қатысқан профессор-оқытушылар ашық сабақты талдау парағын толтырады (қосымша 4).

2.1.4 Өзара сабаққа қатысу кафедра дайындаған кесте бойынша жоспарланады (қосымша 5).

2.2 ПОҚ ашық сабақтары мен өзара сабақты ұйымдастырылуына қойылатын талаптар

2.2.1 Ашық сабақты қатысуды жүргізу және жоспарлаудың мақсаты мен міндеттері

Білімділік: студенттерді білім, білік, дағды жүйесімен қаруландыру.

Тәрбиелік: студенттердің ғылыми дүниетанымын, тұлғаның адамгершілік қасиетін, көзқарастары мен сенімін қалыптастыру.

Дамытушылық: оқыту кезінде студенттердің танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, жігерін, көңіл - күйін, тілі, жадысы, ынтасы, қиялы мен қабылдауы сияқты танымдық қабілеттерін дамыту.

2.3 Ашық сабаққа қойылатын талаптар

2.3.1 Дидактикалық талаптар: ашық сабақтың ұқыпты, айқын, дұрыс ұйымдастырылуы, студенттер алдындағы тақырыптың дұрыс таңдап алынуы, білімдік және тәрбиелік мақсаттармен қатар ашық сабақтың нақты тапсырмаларын ұтымды жүргізіп пайдалануына әсер етеді. Бұл талаптар ашық сабақ жоспары мен тақырыптық жоспардың жақсы жасалуына байланысты. Ашық сабақ жоспарында сабақтың тақырыбы, мазмұнының қысқаша жоспары, білімдік және тәрбиелік мақсаты мен тапсырмалар, құрал - жабдықтар,

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 3-беті

көрнекіліктер, сабақтың құрамының кезеңдік түрлері, оқыту әдістері мен дидактикалық әдіс - тәсілдердің түрлері жазылады.

2.3.2 Технологиялық талаптар: ПОҚ өзі ашық сабақ беретін топтағы студенттердің ойлау қабілетін, есте сақтауын, айтып жеткізуін, сабаққа ынта, көңіл қоюын, ерік-жігерін, т.б. психологиялық жағдайы сабақ үрдісіне ерекше әсерін тигізеді. ПОҚ-ң көңіл - күйі, жинақтылығы, жүріс - тұрысы оқушыларға беріліп, оқу еңбегінің дұрыс немесе бұрыс болуына тікелей әсер етеді. Сондықтан ПОҚ өз бойындағы әр түрлі психикалық, эмоциялық көңіл - күйлеріне ерік бермей өзін тежеп ұстауы қажет.

2.3.3 Студенттердің жеке басын танып, зерттеу арқылы сабақ үстінде оларды мадақтап, қолдап, көмек беріп және сол сияқты сабаққа үнемі қатысып отыруын ескеруі оқытушының назарынан тыс қалмауы қажет

2.3.4 Ашық сабақтың жабдықталуы - оқу құралдарының, дидактикалық материалдардың, аппаратураның, реактивтің және б. сабақтың тақырыбына үйлесетін және көрсетуге қажетті немесе оқушылардың өздік жұмыстарына іріктелуі және дайын күйге келтірілуі.

2.4 Ашық сабақтың негізгі компоненттері

Ұйымдастырушылық - сабақ бойы топты ұйымдастыру, студенттердің сабаққа дайындығы, тәртіп.

Мақсаттылық - студенттер алдына сабақ мақсаты мен оның жеке кезеңдерінің мақсатын қою.

Ынталандырушылық – оқылатын оқу материалының берілген тақырып бойынша да, жалпы курс бойынша да маңыздылығын анықтау.

Коммуникативтілік – оқытушының топпен қарым - қатынас деңгейі.

Мазмұндық – оқылатын, бекітілетін, қайталанатын, өзіндік жұмыстар және т. с. с. материалдарды таңдау.

Технологиялық – сабақ типіне, берілген тақырыпқа, берілген топқа арнап тиімді оқыту түрін, инновациялық әдісі мен тәсілдерін таңдау.

Бақылау – бағалаушылық – сабақтағы студент іс - әрекетін бағалауда оны белсенділікке ынталандыру, танымдық қызығушылығын дамыту үшін пайдалану, қолдану.

Аналитикалық (талдау) – сабақты қорытындылау, сабақтағы студенттер іс - әрекетін талдау, сабақты ұйымдастыру бойынша өз әрекетінің нәтижесін талдау.

2.5 Оқытушының ашық сабаққа дайындалуы

Ашық сабаққа дайындық барысындағы ОПҚ әрекетінің алгоритмі:

1. Топ студенттерінің ерекшелігін есепке алу. Топ деңгейі. Студенттердің пәнге қызығушылығы. Топтың жұмыс қарқыны. Білім, білік, дағдының қалыптасуы, әр түрлі жұмыс әрекетіне қарым - қатынас, оқу жұмысының әр түріне, сонымен қатар дәстүрден тыс жұмыс түрлеріне қатысы, студенттердің жалпы тәртібі

2. Жеке ерекшеліктерді есепке алу: жүйке жүйесінің типі, тіл табысушылығы, көңіл - күйінің өзгеруі, эмоционалдығы, студенттердің жаңа материалды қабылдауына басшылық жасауы, көңіл - күйдің төмендеуін жеңе білуі; өз білімі мен біліктілігіне сенімділігі,

3. Ашық сабақты жақсы өткізуге мүмкіндік беретін ережелерді сақтау:

1) Ашық сабақтың тақырыптағы, тақырыптың жылдық курстағы орнын анықтау, ашық сабақтың жалпы міндеттерін бөлу;

2) Ашық сабақ тақырыбына қатысты үш түрлі: ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдістемелік кітаптарды таңдап алу, олардың мазмұнымен танысу;

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 4-беті

3) Оқу бағдарламасын қарап шығу, түсіндірме хатты қайта оқу, берілген тақырып бойынша стандарт талаптарын оқып шығу, ашық сабаққа байланысты оқытушыдан не талап ететінін анықтау;

4) Оқулық материалын еске түсіру, тірек білім, білік, дағдыны бөліп алу;

5) Ашық сабақ міндеттерін нақтылау, басты міндетті бөліп алу, оны оқушыларға түсінікті, олар қабылдай алатындай етіп тұжырымдап жоспарға жазу;

6) Ашық сабақта студент нені түсінуі керек, нені есте сақтау керек, нені біліп, сабақтан нені үйренуі керектігін анықтау;

7) Студенттерге қандай оқу материалын, қандай көлемде, қандай мөлшерде баяндау керектігін, жетекші идеяларды дәлелдейтін қандай қызықты деректерді келтіруге болатынын анықтау;

8) Сабақ міндеттеріне сәйкес ашық сабақ мазмұнын жіктеп алу, жаңа білім, білік, дағдыны қалыптастыратын, жаңа материалды игертетін тиімді тәсілдерді таңдап алу.

2.6 Ашық сабақты жоспарлау және оқытушының оны дайындау кезеңдері

Ашық сабақты жоспарлау және оқытушының оны дайындау келесі кезеңдерден тұрады:

- Бөлім немесе тақырып бойынша сабақтар жүйесін жасау, құрастыру;
- Бағдарлама негізінде, әдістемелік құралдар, оқулық және қосымша әдебиеттер бойынша сабақтың үш мақсатын анықтау;
- Ашық сабақтағы оқу материалының тиімді мазмұнын анықтау, оны бірқатар тірек бөлімге бөлу, дидактикалық өңдеу;
- Ашық сабақта студент түсініп, есте сақтауы тиіс негізгі материалды бөліп алу;
- Ашық сабақтың оқу міндеттерін тұжырымдау;
- Ашық сабақ құрылымын жасау, оның типін, тиімді әдістер мен тәсілдерін анықтау;
- Пәнаралық байланыс пен сабақта оны пайдалану әдістерін анықтау;
- Сабақтың барлық кезеңдеріндегі, әсіресе стандартты емес жағдайларындағы студент пен оқытушының барлық іс - әрекетін жоспарлау;
- Сабақтың дидактикалық құралдарын таңдау;
- Техникалық оқу құралдары мен құрал - жабдықтарды тексеру;
- Оқытушының тақтаға сызып, жазатындары мен студенттердің тақтада немесе дәптерлерінде орындайтын ұқсас жұмыстарын жоспарлау;
- Сабақтағы студенттердің өзіндік жұмысының түрі мен тиімді көлемін анықтау;
- Үйде және аудиторияда алған білімді бекіту, білімді жинақтау және жүйелеу түрі мен әдісін таңдау;
- Білім, білік, дағдысы олардың қалыптасу деңгейіне сәйкес әдістермен тексерілетін студенттердің тізімін жасау, үй тапсырмасының түрі мен көлемін анықтау;
- Сабақты қорытындылау түрін ойластыру.

2.7 Өзара сабаққа қатысуды жүргізу және жоспарлаудың мақсаты мен міндеттері

2.7.1 Өзара сабаққа қатысуды жүргізу және жоспарлаудың мақсаты: оқу үрдісін жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін көтеру, дер кезінде әдістемелік көмек беру, алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибелермен алмасу мақсатында жүргізіледі.

2.7.2 Өзара сабаққа қатысуды жүргізу және жоспарлаудың міндеті:

- педагогикалық шеберлікті жетілдіру;
- жаңа әдістемелік тәсілдер мен тәжірибелі педагогтардың білікті ұсынымдарымен таныстыру;
- оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру;

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 5-беті

– оқу сапасы мен үлгерімін көтеру.

2.8 ОПК-н өзара сабақтарға қатысуы

2.8.1 Оқытушылардың өзара сабақтарға қатысуын кафедра меңгерушісі ұйымдастырады. Сабақтарға қатысу кестесін кафедра меңгерушісі қадағалап отырады.

2.8.2 Оқытушылар оқу жылы барысында кафедра жоспарына сәйкес өзара сабақтарға қатысады.

2.8.3 Егер жоспарланған ашық сабақ болмай қалған жағдайда, оқытушыға дайындалуына қосымша уақыт беріледі, жоспардан тыс өткізу ұйымдастырылады.

2.9 Ашық сабақты және өзара сабаққа қатысуын талдау

2.9.1 Студенттердің көтерілуін, жетістігін ескере отырып іс-жүзінде орындалған мен жоспарланғанды салыстыру арқылы өз іс-әрекетінің соңғы нәтижесін бағалау мақсатында жүргізілген мақсаттың мазмұны мен міндеттеріне шын жүректен ой-тұрғысында жүйелеп орналастыру болып табылады.

2.9.2 Өткен сабақты талқылау тура сабақты біте салысымен жүргізілуі керек. Қатысқандар өткізілген ашық сабақтың талқылауын кемшілікті көрсету мақсатында емес, тәжірибе алмасу мақсатында өткізілгенін ұмытпауы керек, сондықтан олар тілектестік және әдептілік жағдайда болуы керек.

2.9.3 Талқылау мақсаты - таңдап алынған әдістерді, инновациялық технология мен құралдарды, әдістемелік тұрғыда құралған жеке әдістер мен технологияны білуін, олардың қойылған міндеттер тарапынан тиімділігін, сабақтың мақсатына жету деңгейін орынды бағалау.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы

Байнеева П.Т.

Суттибаева А.А.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 6-беті

Жұмыс нұсқаудың жазбалары:

1. Қосымша 1. Кафедра бойынша ашық сабақ жоспары Ф.ЖН-02.01
2. Қосымша 2. Университет бойынша ашық сабақ жоспары Ф.ЖН-02.02
3. Қосымша 3. Ашық сабақты өткізу жоспары Ф.ЖН-02.03
4. Қосымша 4. Ашық сабақты талдау парағы Ф.ЖН-03.04
5. Қосымша 5. Профессор-оқытушылардың өзара сабаққа қатысу жоспары Ф.ЖН-02.05

Қосымша 1. Ф.ЖН-02.01

ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

« _____ » факультеті

« _____ » кафедрасы

Бекітемін

Факультет деканы _____

_____ 20__ жыл

**20__-20__ оқу жылындағы (I-жарты жылдық)
кафедра бойынша ашық сабақ жоспары**

Шымкент, 20__

№	Оқытушының аты-жөні	Пән	Сабақтың тақырыбы	Өту формасы	Тобы	Мерзімі	Уақыты	Ауд.
1								
2								
3								
4								
5								

Кафедра меңгерушісі: _____
(қолы) (аты-жөні)

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 7-беті

Қосымша 2. Ф.ЖН-02.02

ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Бекітемін
Оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор

_____ жыл

Университет бойынша ашық сабақ жоспары 20__-20__ оқу жылы (I/II-жарты жылдық)

Шымкент, 20__

2. «_____» факультеті
1.1 «_____» кафедрасы

№	Оқытушының аты-жөні	Пән	Сабақтың тақырыбы	Тобы	Мерзімі	Уақыты	Ауд.
1							
2							
3							
4							
5							

Университеттің ОӘК бекітілді

Хаттама №__ «_____» _____ 20__ жыл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 8-беті

Қосымша 3. Ф.ЖН-02.03

«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» ЖШС

«_____» факультеті

«_____» кафедрасы

«_____» пәнінен

Ашық сабақты өткізу жоспары

Тақырыбы:

Білім беру бағдарламасы:

Топ:

Курс:

Оқытушы:

Шымкент, 20__

I. Сабақтың тақырыбы :

II. Сабақтың жоспары:

III. Сабақтың мақсаты.

IV. Сабақтың көрнекілігі:

V. Сабақтың барысы:

Пайдаланылған әдебиеттер:

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Профессор оқытушылар құрамының ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысуын жоспарлау және өткізу		9 беттің 9-беті

Қосымша 4. Ф.ЖН-02.04

Ашық сабақты талдау парағы		
Сабақты талдаушы: _____		
Сабақ өткізуші: _____		
Күні: _____		
Тобы: _____		
Пәні: _____		
№	Ескертпелер	Пікір
1	Сабақтың түрі қандай? Өткен сабақпен байланысы бар ма?	
2	Сабақта қандай міндеттер алға қойылды? А) білімділік Ә) дамытушылық Б) тәрбиелік; бұлардың арасында байланыс болды ма?	
3	Аталған міндеттерді шешуде сабақтың бұл түрі неге тиімді болды?	
4	Сабақ кезеңдерінің арасында байланыс болды ма? Уақыт тиімді пайдаланылды ма?	
5	Жаңа тақырыпты ашуда оқытудың қандай жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері қолданылды?	
6	Студентпен жеке жұмыс болды ма? Ол қалай ұйымдастырылды?	
7	Студенттердің сабаққа деген қызығушылықтары байқалды ма?	
8	Сабақ барысында студенттердің арасындағы дұрыс психологиялық қарым-қатынас жасауына оқытушының тәрбиелік әсері қалай жүзеге асты?	
9	Оқытушы көздеген мақсатына жетті ме?	

Қосымша 5. Ф.ЖН-02.05

20__ -20__ оқу жылындағы профессор-оқытушылардың өзара сабаққа қатысу кестесі

Күні									
ОПҚ									

Кафедра меңгерушісі: _____